



Ақылбекова Гүлжан Кәрімқызы,
*ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығының НҚА
және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық
сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ: ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ МӘТІНДЕРІНІҢ ТЕҢ ТҮПНҰСҚАЛЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Парламент қарауына Үкімет енгізетін заң жобалары бойынша «Норма шығармашылығы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысымен бекітілген Ғылыми сараптама жүргізу ережесіне сәйкес заң жобасымен реттелетін құқықтық қатынастарға қарай тиісті ғылыми (құқықтық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, лингвистикалық, экономикалық, экологиялық, қаржы және басқа да) сараптама жүргізу міндеті қойылып отыр. Заңнамалық актілердің жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізіліп, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ғылыми сараптама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама, қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу негіздері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1300 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде айқындалған.

Қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманың негізгі мақсаты заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкестігін анықтау болып табылады. Сонымен бірге, нормативтік құқықтық актілер тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі қазақ әдеби тілі нормаларына сай болуы, грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық, логикалық, редакциялық-техникалық қателерді жою және терминдердің қолданылуы жөніндегі ұсынымдар беру.

Азаматтық заңнаманың ең негізгі және содан

туындайтын басқа заңдарға ұйтқы болатын негіздемелік заңы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі болып табылады. Азаматтық кодекс – біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары біріктіріліп, жүйеге келтірілетін заң. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалы болуы ұлттық заңнама сапасының көрсеткіші де болып табылады.

Азаматтық кодекстің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің тең түпнұсқалығын бағалау және олардың мазмұнының айқындылығын, нақтылығын, дұрыстығын қамтамасыз ететін тіл нормаларына (қазақ және орыс тілдерінің лексика, фонетика, грамматика, стилистика ережелеріне) сәйкестігі зерделеуді қажет етеді.

Азаматтық заңнаманы құрайтын нормативтік құқықтық актілердің әрқайсысы өз алдына жеке-жеке заң болғанымен, реттейтін қатынастары және онда қолданылатын терминдердің бірізді болуы бөлігінде бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады. Осы тұрғыдан Азаматтық кодекс мәтініндегі ұғымдар мен терминдердің азаматтық заңнама ұғымдары мен терминдеріне сәйкестігі, олардың бір ізді қолданылуы мен дәлдігі, мағыналық бірізділігі мәселесі бүгінгі күні зерттеп-зерделеуді қажет ететін тың тақырыптардың бірі болып отыр.

Қай салада болсын терминология мәселесі қашан да өзекті. Қоғам өмірінде заңдардың маңыздылығы қаншалықты маңызды болса, заң шығармашылығы, әсіресе, құқық шығармашылығы саласында аталған мәселе де соншалықты маңызға ие. Заң шығарушының еркінің дәлдігі әрі заңның нәтижелілігі заңдарда терминдердің нақты қолданылуына тікелей

байланысты екендігі даусыз.

Азаматтық кодекс мәтінінің он бойында терминдердің бір ізді қолданылу мәселесі. Азаматтық кодекстің қазақ тіліндегі нұсқасында мағыналық бірізділіктің болмау жағдайлары: қайта құру – қайта ұйымдастыру (реорганизация); байқаушы кеңес – байқау кеңес – қадағалау кеңесі (наблюдательный совет); жеке кәсіпкер – дара кәсіпкер (индивидуальный предприниматель); жарна – пай; күштеп алу – ықтиярсыз алу – мәжбүрлеп алып қою (принудительное изъятие); талап етуді беру – талапқа көну (уступка требования); борышкер – борышқор (должник); кепіл болушы – кепілгер (поручитель); кепілпұл – кепілақы (здаток); нотариалды куәландырылған – нотариалдық жолмен куәландырылған (нотариально удостоверено); айып төлеу – тұрақсыздық айыбы (неустойка); айып төлеу – тұрақсыздық айыбын төлеу (уплата неустойки); мүлікке тыйым салу – мүлікке қамақ салу (арест на имущество); қағида – ереже (правила) мөлшер – көлем (размер); міндеттеме – міндет (обязанность); жағдайлар – мән-жайлар (обстоятельства), субсидиарлық жауапкершілік – жәрдем беру, жәрдем – субсидиялық жауапкершілік (субсидиарная ответственность); дүлей күштер (непреодолимая сила) – болмай қоймайтын оқиға – еңсерілмейтін күш (форс-мажор); оралымды басқару – жедел басқару (оперативное управление); шамасы жоқ борышқор – дәрменсіз борышкер (несостоятельный должник); шығын – залал деп түрліше қолданылуын келтіруге болады. Осы мысалдардан-ақ Кодекс мәтінінде терминдерді бірізді қолдану қағидатының сақталмағанын көреміз. Осыған ұқсас қисынсыздықтардың Кодексте жиі кездесетіні өкінішті-ақ.

Азаматтық кодекс мәтінінде бір ғана ұғымды белгілеу үшін түрлі терминдер немесе сөз тіркестерін негізсіз пайдалану немесе әртүрлі ұғымдарды белгілеу үшін бір термин немесе сөз тіркесін ғана пайдалану жағдайлары да орын алған тұстары да аз емес. Осы тұрғыдан Кодексте бір ғана ұғымды белгілеу үшін түрлі терминдер немесе сөз тіркестерін негізсіз пайдаланушылық мысалдары: кредит – несие, кредитор – несие беруші, кредитор – кредит беруші, финанс – қаржы, рынок – нарық тәрізді жарыспалы қолданыстар кездеседі. Бұлар тілдік қарым-қатынас машығында сабақтастық қағидаты бойынша, біразға дейін жарыса жүріп, келе-келе біреуі орнығады. Сөйтіп, «табиғи» түрде тіл өзін-өзі реттеп отыратындықтан, біралуан жарыспалы сөздер тез арада нормаға түсіп,

сөздің ықшам нұсқасына артықшылық беріліп, жарыспалы сөздер бір ізге түседі. Олардың тілдік норма үрдісіне сай келетіні немесе ауытқитын тұстарына талдау жасап отыру тілші қауымының да, заңгер қауымының да құзыретіне жатады.

Бірнеше нұсқадағы жарыспалы қолданыстардың мүмкіндігінше Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан бекітілген немесе ресми тілде стандартталған, сондай-ақ жазба тілде қолданылу жиілігі жоғары, яғни, нормаға айнала бастаған тұлғасы пайдаланылуға тиіс.

Сол сияқты, әртүрлі ұғымдарды белгілеу үшін бір термин немесе сөз тіркесін ғана пайдаланушылық мысалы ретінде субсидиарлық жауапкершілік – субсидиялық жауапкершілік (субсидиарная ответственность) тіркестерін келтіруге болады. Мұндағы «субсидиарлық» және «субсидиялық» сөздерінің мағыналары әртүрлі ұғымдарды білдіреді.

Азаматтық кодекс мәтінінде тіркестердің жолма-жол аударылған тұстары да аз емес. Мәселен: азаматты өлді деп жариялау (объявление гражданина умершим); иелену көнелігі (срок давности); өмір бойы асырауда ұстау (пожизненное содержание); құқықты мирасқорлар (правопреемник); әрекет қабілеттігі жоқ адамдар (недееспособные лица). Мұндай лексикалық тұрғыдан қате аударылған сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылу мысалдары құқық нормаларының бұрмалануын туындатуы мүмкін. Сондықтан көпшілікке ұғынықты, тілге қонымды, заңнама стиліне тән: азаматты қайтыс болды деп жариялау, өмір бойы асырау, құқық мирасқорлары, әрекетке қабілетсіз адамдар болып қолданылғаны дұрыс болар еді.

Нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұны мен жазылу стиліне қойылатын талаптарға сәйкес қазіргі әдеби тілдің нормасында көнерген сөздер, сирек қолданыстағы сөздер, бірқолданыстағы сөздер болып саналатын лексикалық элементтер, сондай-ақ бейнелі, образды фразеологизмдер, қарапайым лексикаға тән тұлғалар қолданылмайды. Алайда Кодекс тілінде «желеу етіп» (42-бап), «қора-қопсы» (224, 254-баптар), «жымысқы ниет» (157-бап), «зұлымдық ниетте» (159-бап), «арам ниет» (263-бап), «қаңғып жүрген мал» (246-бап) және т.с.с. тіркестер түзетуді қажет етеді.

Азаматтық кодекс мәтінінде ұғымдар мен терминдердің, сондай-ақ құқық нормаларының мазмұнының айқындылығы және мағыналық бірізділікті қамтамасыз ету мәселесі ықтиятты зерделеуді қажет етеді. Мәселен: 49-бапта:

Соттың шешімі бойынша заңды тұлға: ... 5) басқа да заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда таратылуы мүмкін. Дұрысы: Соттың шешімі бойынша заңды тұлға: ... 5) заңнамалық актілерде көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін. 181-бапта: Міндеттемедегі адамдардың өзгеруі талап қою мерзімі мен оны есептеу тәртібін өзгертуге әкеліп соқтырмайды. Дұрысы: Міндеттемедегі адамдардың өзгеруі талап қою мерзімі мен оны есептеу тәртібін өзгертуге әкеп соқпайды.

Калька аудармалар, сөйлемдердің калька аудармаларға ұшырауы, сөйлем жүйесіне тән логикалық жүйенің сақталмауына Кодекстегі 476-баптың 4-тармағы дәлел бола алады. Ол «Тараптардың келісімімен шартты орындаудан немесе оны біржақты өзгертуден біржақты бас тартудың өзге де негіздері көзделуі мүмкін» деп қате аударылған. («4. Соглашением сторон могут быть предусмотрены иные основания одностороннего отказа от исполнения договора или одностороннего его изменения»). Дұрыс нұсқасы: - «4. Тараптардың келісімімен шартты орындаудан біржақты бас тартудың немесе оны біржақты өзгертудің өзге де негіздері көзделуі мүмкін» деп жазылуы керек, өйткені осы баптың 1-тармағында: «1. Тараптардың біреуі (осы Кодекстің 401-бабы 2-тармағының екінші бөлігі) шартты елеулі түрде бұзған жағдайда шартты (толық немесе ішінара) орындаудан біржақты бас тартуға немесе оны біржақты өзгертуге жол беріледі» делінген. Тіл қолданысын түзеу тек

ұғымдардың аудармасының болу-болмауымен емес, сөйлемдердің дұрыс құрылып, мазмұнды түсінікті бере білуімен байланысты екендігін ескеру.

Сол сияқты, Кодекс мәтініндегі борышкер – борышқор; уәкілдік берген – өкілеттік берген; нотариалды куәландырылған – нотариалдық жолмен куәландырылған тәрізді аударма қиындықтары да түзетуді қажет етеді.

Сонымен қатар, қазақ тілінің сөз байланыстырушы, сөз тіркестіруші тілдік құралдарының өз деңгейінде қолданылмауы тәрізді орын алған кемшіліктер де баршылық. Мысалы: 476-бапта «нарушение договора поставщиком» – «тауар берушімен шарттың бұзылуы» және «нарушение договора покупателем» – «сатып алушымен шарттың бұзылуы» деген тәрізді орыс тілінен сөзбе-сөз аударма жасалған тұстар да кездеседі. Дұрыс сөйлем құруда тілдік құралдардың барлығын орынды қолдана білуді ескерудің маңызы зор деп есептейміз.

Түптеп келгенде, азаматтық заңнама заң мамандарына ғана емес, барлық азаматтарға арналатындықтан, әлеуметтік маңызы зор, сапасы жоғары, мазмұны айқын да түсінікті және заң техникасы тұрғысынан сауатты болуға тиіс. Келешекте заңнамалық актілер жобаларының ресімделу тұтастығын сақтау және олардың тілі мен стилін жетілдіруге септігін тигізетін мақсатты жұмыстардың маңызы зор болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Норма шығармашылығы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысы.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1300 қаулысы.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім).



Мақалада заңнамалық актілерді аударуда кездесетін түйткілді мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: ұлттық заңнама тілі, аударма мәселелері, тең түпнұсқалық.

В статье рассматриваются проблемные вопросы, возникающие при переводе нормативно-правовых актов.

Ключевые слова: язык законодательства, проблемы перевода, аутентичность.

In article the problem questions arising at the translation of normative legal acts are considered.

Keyword: *language of the legislation, translation problem, authenticity.*

Гүлжан Кәрімқызы Ақылбекова,

ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі: қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығы мәселелері

Ақылбекова Гульжан Каримовна,

ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК, к.ф.н.

Гражданский кодекс Республики Казахстан: проблемы аутентичности текстов на казахском и русском языках

Akyzbekova Gulzhan Karimovna,

leading research fellow of the Linguistic Center of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, c.f.s.

Civil code of the Republic of Kazakhstan: problems authentic text of the Kazakh and Russian languages

